



## МЕРЗІМДІ/БАНКТІК ЖИНАҚ САЛЫМДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУДЫҢ ЖАЛПЫ ТАЛАПТАРЫ

Осы Мерзімді/банктік жинақ салымдарын орналастырудың жалпы талаптары (бұдан әрі – Салымдар бойынша жалпы талаптар) Банк пен Салымшының (бұдан әрі мәтін бойынша – Тараптар немесе жеке алғанда – Тарап) арасында жинақ шотына/-нан ақшаны қабылдау немесе қайтару, Банктің Салымшының жинақ шотын(-тарын) ашу, жүргізу және жабу бойынша мәміле жасау талаптарын айқындайды. Салымның нақты талаптарын, соның ішінде сомасын, мерзімін, сыйақы мөлшерлемесін, соның ішінде сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесін, сыйақы төлеу тәсілі мен мерзімділігін, осы Салымдар бойынша жалпы талаптардың және Қосылу туралы өтініштің/Клиенттің - жеке кәсіпкер, шаруа (фермерлік) қожалығының, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың, кәсіби медиатордың шотын ашу үшін Салымдар бойынша жалпы талаптарға қосылу туралы өтініш-сауалнамасының ажырамас бөлігі болып табылатын Банк салымын орналастыру туралы Өкіммен (бұдан әрі мәтін бойынша – «Өкім») Салымшы белгілейді және Банк белгілеген нысанда жазылады.

Салымшының Банкке салым салатын Салымдар бойынша жалпы талаптарды, салым түрлерін, нақты талаптарын Банктің Уәкілетті органы бекітеді және [www.forte.kz](http://www.forte.kz) адресі бойынша Банктің ресми сайтында және Банктің операция залдарында орналастырылады.

### 1. ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ МАҒЫНАСЫ

1.1. Салымдар бойынша жалпы талаптарда кездесетін терминдер мен белгілердің мағыналары төменде баяндалған:

«**Банк**» - «ForteBank» АҚ.

«**Салым**» - Шартта және Өкімде белгіленген талаптарда Шотқа енгізілген ақша.

«**Салымшы**» - заңды тұлға немесе жеке кәсіпкер, шаруа (фермер) қожалығы, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор.

«**Жылдық тиімді мөлшерлеме**» - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 26 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Қарыздар мен салымдар бойынша сенімді, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеумен сыйақы мөлшерлемесін есептеу (нақты құны) қағидаларына сәйкес есептелетін қызметтер бойынша сенімді, жылдық, тиімді, салыстырмалы есептеумен сыйақы мөлшерлемесі.

«**Шарт**» - Салымдар бойынша жалпы талаптар және Салымдар бойынша жалпы талаптарға Клиенттің - жеке кәсіпкердің, шаруа (фермерлік) қожалығының, жеке нотариустың, жеке сот орындаушысының, адвокаттың, кәсіби медиатордың шотын ашу үшін қосылу туралы өтініш-сауалнама/Қосылу туралы өтініш.

«**Құбылмалы мөлшерлеме**» - мөлшері Шартта көзделген талаптарға сәйкес өзгертін сыйақы мөлшерлемесі.

«**Шот**» - Банктің Шартқа сәйкес бекітілетін Өкім негізінде жеке сәйкестендіру кодын берумен Шартқа сәйкес Салымшыға ашатын, ақша аударылатын жинақ шоты.

«**Бекітілген мөлшерлеме**» - Шартта көзделген салым мерзімі ішінде мөлшерін төмендетуге болмайтын сыйақы мөлшерлемесі.

1.2. Осы Талаптардың 1.1. тармағында келтірілмеген осы Салымдар бойынша жалпы талаптарда қолданылған өзге терминдер мен белгілердің мағыналары Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген немесе халықаралық банктік тәжірибеде қабылданған мағынасына сәйкес мағыналарға ие.

### 2. КЕЛІСІМНІҢ МӘНІ

2.1. Салымшы Шарт шеңберінде Шот(-тар) ашады және Салым(-дар) Банкке табысталады, ал Банк Салымды (-дарды) Шарт пен Өкімнің талаптарына сәйкес және негізінде қабылдайды.

2.2. Тараптардың әрқайсысының Шартқа қатысуы Банк пен Салымшының арасында жасалған басқа шарттарға қатысты басымдықта емес және Тараптардың басқа шарттарға қатысуы бойынша құқықтарын шектемейді.

2.3. Өкім бойынша Салым мерзімі тиісті Шотқа ақша түскен сәттен бастап есептеледі, бұл ретте Салым бойынша сыйақы есептеу кезінде, Салымның Банкке түскен күні және Банктің Салымды қайтару күні бір күнтізбелік күн болып қабылданады.

2.4. Банк Шарттың қолданылу мерзімі ішінде ұсынатын төлем қызметтерін көрсетудің ең ұзақ мерзімі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған мерзімге сәйкес.

2.5. Жеке кәсіпкерлердің салымдары бойынша кепілдікті өтемді төлеу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы заңнамасымен реттеледі.

2.6. Салымдар бойынша сыйақы мөлшерлемелері бекітілген немесе құбылмалы болуы мүмкін.

### 3. ШОТ БОЙЫНША ОПЕРАЦИЯЛАРДЫ ЖҮРГІЗУ ТӘРТІБІ

3.1. Шотқа түскен сома тиісті Өкімде көрсетілген сомадан аз немесе көп болса, онда Банк біржақты тәртіпте Салымды Шотқа қабылдаудан бас тартуға құқылы.

3.2. Салым Шотқа түскен күннен бастап Салым қабылданған болып және осындай Салымға қатысты шарт бекітілген болып есептеледі. Сыйақы Салымды енгізген күннен кейінгі күннен бастап Шарттың қолданылу мерзімінің соңғы

күніне дейін, соңғы күнін қоса алғанда, Салымның нақты сомасын негізге ала отырып есептеледі. Сыйақыны есептеу кезінде жыл 365 (үш жүз алпыс бес) күнге, «Самрұқ – Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ және оның еншілес ұйымдары мен тәуелді акционерлік қоғамдары үшін – 360 (үш жүз алпыс) күнге тең деп, ай ондағы күндердің нақты санына тең болып есептеледі.

3.3. Салым бойынша сыйақы Салымшыға Шартқа сәйкес, сондай-ақ тиісті Өкімде көрсетілген тәртіпте және талаптарда төленеді;

3.4. Сыйақы Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес, салықтарды және бюджетке төленетін басқа да төлемдерді ұстап қалумен (егер басқасы Қазақстан Республикасы заңнамасында қарастырылмаса), Салымшының тиісті Өкімде көрсеткен деректемелеріне аудару арқылы төленеді;

3.5. Егер Салымды орналастыру мерзімінің аяқталуы демалыс күніне түссе, Салым бойынша сыйақы есептеу тоқтатылады, ал Банк Салымды осы демалыс күнінен кейінгі жұмыс күні қайтарады.

3.6. «Самрұқ – Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ және оның еншілес ұйымдары мен тәуелді акционерлік қоғамдары үшін, егер Салымды орналастыру мерзімінің аяқталуы демалыс күніне түссе, Салым бойынша сыйақы есептеу тоқтатылмайды және Банк Салымды осы демалыс күнінен кейінгі жұмыс күні қайтарады.

3.7. Шартқа сәйкес Шоттағы ақшаны иеленуде шектеулердің қолданылу кезеңінде Банк Салым бойынша сыйақыны есептемейді және төлемейді, Салымның бір бөлігіне тыйым салынған жағдайда сыйақы Салымның осы бөлігіне есептелмейді және төленбейді.

3.8. Салымды Салымшы және өзге тұлғалар Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте және жағдайда иелене алады.

3.9. Шарт шеңберінде Салымшы ұсынған, тиісті Өкімде қарастырылған Салымның барлық сомасы Салым мерзімінің аяқталуына дейін қайтарылған жағдайда, сыйақы төлеу Салымды тиісті Өкімде көрсетілген сыйақы мөлшерлемесі бойынша Банкке орналастырудың нақты уақыты үшін жүзеге асырылады.

3.10. Салымшы тиісті Өкімде көрсетілген Салымның бір бөлігін алу талаптарын бұзғандықтан, Салым мерзімінен бұрын қайтарылған жағдайда, Банк Салым бойынша сыйақыны тиісті Өкімде көрсетілген Салымды мерзімінен бұрын қайтару кезінде қолданылатын мөлшерлеме бойынша қайта есептейді. Бұл ретте Банк Салымның барлық сомасын қайтарған күні Салымшы Банкке тиісті Өкімде қарастырылған мөлшерлеме бойынша Банк төлеген сыйақы мен тиісті Өкімде қарастырылған Салымды мерзімінен бұрын қайтару кезінде қолданылатын мөлшерлеме бойынша есептелген сыйақы арасындағы оң айырма мөлшеріндегі ақшалай соманы қайтаруға міндетті. Салымшы, оның Шарттың осы тармағына сәйкес сыйақы сомасының бір бөлігін қайтаруы Салымшының Салым сомасынан алатын осындай сыйақы сомасын Банктің ұстап қалуы арқылы жүргізілетінімен келіседі.

*Ескерту: 3.10. тармақ Салым бойынша сыйақы Салымшыға ай сайын төленетін жағдайда қолданылады.*

## **4. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

### **4.1. Банк міндетті:**

4.1.1. Салымшы Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банктің ішкі құжаттарына сәйкес барлық қажетті құжатты ұсынған жағдайда, Салымшы ұсынған тиісті Өкімнің негізінде Салымшыға жеке сәйкестендіру кодын(-тарын) бере отырып, Салымшыға Шот(-тар) ашуға;

4.1.2. Қазақстан Республикасының заңнамасында және Шартта қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Шотында Салымның бар екені және қозғалысы туралы ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламауға;

4.1.3. Ақша жіберуші көрсеткен Салымшы Шотына(-тарына) ақша есептеу арқылы Салымшыдан түскен немесе оның пайдасына қолма-қол ақша аударусыз үшінші тұлғалардан түскен Салым сомасындағы ақшаны қабылдауға;

4.1.4. Салымның Салымшы өкіміне сәйкес Банкке түскен күні Өкімде көрсетілген Шотқа Салым сомасын есептеуді қамтамасыз етуге, Салымның Банкте болу мерзімі бойы Салымның сақталуын қамтамасыз етуге;

4.1.5. Шартқа, тиісті Өкімдерге және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Шот бойынша операцияларды жүзеге асыруға және Салымшының немесе оның уәкілетті өкілінің жазбаша талабы бойынша, Шот бойынша үзінді көшірме нысанында Салым туралы және(немесе) есептелген сыйақы бойынша, төлем қызметі бойынша ақпаратты, оларды Салымшының осы үшін уәкілетті өкілі қолына беру арқылы немесе Салымшы сұратқан өзге түрде ұсынуға;

4.1.6. тиісті Өкімдерде және Шартта көрсетілген талаптарға сәйкес Салым бойынша сыйақы есептеуге және төлеуге;

4.1.7. Салымшыдан тиісті хабарламаны алған күннен бастап 7 (жеті) күнтізбелік күннен кешіктірмей Шартта көзделген тәртіпте және талаптарда мерзімді салымды немесе бір бөлігін есептелген сыйақысымен қоса беруге;

4.1.7–1. Салымшыдан тиісті хабарламаны алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күннен ерте емес мерзімде Шартта көзделген тәртіпте және талаптарда жинақ салымын есептелген сыйақысымен қоса беруге;

4.1.8. Шотқа енгізілген валюта қандай болса, Салымды да сол валютада қайтаруға;

4.1.9. Салым мерзімі аяқталған күні, Өкімде көрсетілген деректемелер бойынша Салымшыға Салымды қайтаруға және осы Салым бойынша есептелген сыйақыны төлеуге;

4.1.10. Салым сомасын уақытында қайтармағаны және сыйақыны уақытында төлемегені үшін, Салымшыға Салым сомасын қайтару және/немесе сыйақыны төлеу күнін қоспағанда, бірақ қалай болғанда да берешек сомасының 5% аспайтын мөлшерде, мерзімі өткен әрбір жұмыс күні үшін берешек сомасының 0,01 (нөл бүтін жүзден бір) % мөлшерінде өсімақы төлеуге, бірақ залал емес;

4.1.11. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, мүлікке иелік етуді уақытша шектеу туралы актілерді, уәкілетті мемлекеттік органдардың және(немесе) лауазымды тұлғалардың Шот бойынша шығыс операцияларды

тоқтата тұру туралы шешімдерін және(немесе) өкімдерін, сондай-ақ Салымшының Шотта орналастырылған ақшасына тыйым салу туралы актілерін орыдауға;

4.1.12. белгіленген тәртіпте ұсынылған, мүлікке иелік етуді уақытша шектеу туралы актілердің, уәкілетті мемлекеттік органдардың және(немесе) лауазымды тұлғалардың Шот бойынша шығыс операцияларды тоқтата тұру туралы шешімдерінің және(немесе) өкімдерінің, сондай-ақ Салымшының Шотта орналастырылған ақшасына тыйым салу туралы актілерінің күшін жою туралы тиісті құжаттардың негізінде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда Шот бойынша шығыс операцияларды жаңартып отыруға және Салымшының ақшаға иелік ету бойынша құқықтарын, бұрын шектелген құқықтарын шектемеуге;

4.1.13. Шарттан, Өкімнен туындайтын, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де міндеттерді атқаруға;

4.1.14. Банктің уәкілетті органы Салымға қосымша жарнаны(-ларды) енгізу мүмкіндігі туралы шешім қабылдағанға дейін, егер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мұндай шешім талап етілсе, қосымша жарналарды қабылдамауға;

4.1.15. егер Банктің уәкілетті органы Салымға қосымша жарнаны(-ларды) енгізу мүмкіндігі туралы шешім қабылдағанға дейін қосымша жарна сомасы Өкімде көрсетілген ең жоғары салым сомасынан асатын жағдайда, қосымша жарналарды қабылдамауға;

4.1.16. егер басқасы заңнамалық актілерде белгіленбесе, Салымшының Банк алдындағы оған берілген қарыз(-дар)/кредит(-тер) бойынша ақшалай міндеттемелерін орындау мақсатында қойған нұсқаулығын Салымшының шотында бұндай нұсқаулықты орындау үшін қажетті ақша сомасы болмаған немесе жеткіліксіз болған жағдайда, бір жылдың ішінде Салымшының шотына оларды орындауға жеткілікті ақша сомасы түскенге дейін сақтауға.

## **4.2. Банк құқылы:**

4.2.1. Салымды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өз қалауынша пайдалануға;

4.2.2. Салымшыдан оның Шартқа қол қоюы арқылы Шотынан (-тарынан) ақшаны есептен шығаруға алдын ала келісімін алу негізінде, мына жағдайларда тиісті Өкімдер бойынша осы Шарттың шеңберінде ашылған, Салымшының кез келген Шотынан, сондай-ақ Салымшының Банкте ашылған өзге кез келген банктік шотынан Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған кез келген тәсілмен ақша алуға:

1) ақша аудару арқылы жүзеге асырылатын, рұқсат етілмеген төлем фактісін анықтау;

2) жалған төлем құжаты негізінде ақша аудару;

3) қате нұсқауды орындау;

4) Салымшының Шарт бойынша және/немесе қандай да бір банктік қызметтерді көрсеткені үшін Банк комиссиясын төлеу бойынша міндеттемелерімен қоса, оның кез келген өзге ақшалай міндеттемелері бойынша Банк алдында берешегінің бар болуы, сонымен бірге алдағы уақытта Салымшының Банк алдындағы кез келген берешегін өтеу мақсатында Салымшы Шотынан Салымшының ағымдағы шотына ақша аудару арқылы;

5) Банк қателіктер жіберген жағдайда, соның салдарынан Шотқа негізсіз ақша енгізілсе;

6) өзге жағдайларда, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте және негіздер бойынша.

4.2.3. біржақты соттан тыс тәртіпте Шартқа, сонымен қатар Шарт бойынша көрсетілетін тарифтерге өзгерістер/толықтырулар енгізуге, бұл туралы осындай өзгерістер күшіне енуіне 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда бұл өзгерістерді/толықтыруларды (сонымен бірге жаңа редакциясын) Банк филиалдарының операциялық залдарында, [www.forte.kz](http://www.forte.kz) адресі бойынша Банктің ресми сайтында орналастыру арқылы Салымшыны алдын ала хабардар етуге, бұған біржақты өзгертілуі Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынатын жағдайлар қосылмайды.

Осы тармақта белгіленген тәртіпте Шартқа, сонымен қатар Шартқа сәйкес көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге өзгерістер/толықтырулар енгізу туралы ақпарат жарияланған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн өткен соң, мұндай өзгерістер/толықтырулар күшіне енеді. Өзгерістер/толықтырулар енгізілгеннен кейін Шарт жаңа редакцияда жұмысын жалғастырады.

Егер Салымшы Шарттың жаңа (өзгертілген) нұсқасымен келіспесе, онда Шарттың 5.23.-тармағында белгіленген тәртіпте Салымшының Шартты орындаудан біржақты бас тартуы негізінде Шарт бұзылады;

4.2.4. Шартқа, оның ішінде Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге өзгерістер/толықтырулар енгізуге, Қазақстан Республикасының заңнамасымен біржақты тәртіпте өзгертуге тыйым салынады, бұл ретте өзгерістер/толықтырулар күшіне енуіне 10 (он) күнтізбелік күн қалғанда, мұндай өзгерістерді (оның ішінде жаңа нұсқасын) Банк филиалдарының операциялық залдарында, Банктің [www.forte.kz](http://www.forte.kz) ресми сайтында орналастыру арқылы Салымшыға хабарлауы тиіс, Клиенттің келісімі үнсіздікпен айқындалады.

Банк осы тармаққа сәйкес өзгерістерді/толықтыруларды енгізу туралы хабарламаны жариялаған сәттен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Салымшы Шартқа, сонымен қатар Шарт бойынша көрсетілетін қызметтер бойынша тарифтерге енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдамайтындығы туралы жазбаша өтінішті ұсынбауы оның еркін білдіруі болып табылады және Салымшының мұндай өзгерістермен/толықтырулармен келісетіндігін білдіреді;

4.2.5. мына жағдайларда операцияларды жүргізуді тоқтата тұруға және/немесе жүргізбеуге:

1) мыналар мәміле/операция немесе мәміле бойынша міндеттемелер тараптарының бірі/қатысушысы болса:

а) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес уәкілетті орган құратын тізбелерге (бұдан әрі - Тізбелер) енгізілген ұйым немесе тұлға;

- б) тікелей немесе жанама түрде Тізбеге енгізілген ұйым мен тұлғаның меншігінде немесе бақылауында болатын заңды тұлға;
- в) Тізбеге енгізілген ұйымдар мен тұлғаның атынан немесе нұсқауы бойынша әрекет ететін жеке немесе заңды тұлға;
- г) халықаралық ұйым немесе шетел мемлекеті анықтаған ақшаны жылыстату мен терроризмді қаржыландырудың айтарлықтай қаупі бар елде тіркелген/жүрген тұлға болса немесе бұл операцияны/мәмілені орындауға мұндай тұлға қатысатын болса;
- 2) егер Салымшы жүргізетін операцияларды зерделеу барысында, операциялар қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) немесе терроризмді қаржыландыру және жаппай жою қаруын таратуды қаржыландыру мақсатында жүзеге асырылады деген күмән болса;
- 3) заңнамада, соның ішінде Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында немесе Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда белгіленген жағдайларда;
- 4) егер операция жүргізу кезінде Салым сомасы оның Өкімде белгіленген ең жоғары шегінен асатын болса.
- 4.2.6. Салымшы Банкпен бекіткен Банктік қарыз шарты/Кредит желісін ашу (беру) туралы келісім және/немесе қамтамасыз ету шарты(-тары) бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайда, банктік шоты бойынша шығыс операцияларын жүргізуді тоқтата тұруға.
- 4.2.7. мына жағдайларда, біржақты тәртіпте міндеттемелерін орындаудан бас тартуға және Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте және жағдайларда Шартты бұзуға;
- 1) Салымшыны жойған немесе қайта құрған жағдайда, жою/қайта құру фактісін растайтын құжаттар бар болғанда;
- 2) егер Банк операциялардың қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) мақсатында жасалатынын негізді түрде болжаса және/немесе операция тарабының (тараптарының) бірі болып Тізбеге енгізілген ұйым немесе тұлға табылса;
- 3) Салымшы қажетті құжаттар мен ақпаратты, сондай-ақ Салымшының деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге және FATCA талаптарына сәйкес, оның ішінде Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары арқылы АҚШ-ның Салық Қызметіне (Internal Revenue Service) тапсыруға келісімін беруден бас тартқанда, бұған Қазақстан Республикасы заңнамасы талаптарына сәйкес ондай жабуға рұқсат етілмейтін жағдайлары қосылмайды;
- 4) егер Банк Шарттың, Қазақстан Республикасының және шет мемлекеттердің заңнамаларының Банк қызметін, Банктің және корреспондент банктің жария болып табылатын ішкі рәсімдерін және талаптарын қозғайтын талаптары бұзылды, бұзылуы мүмкін деп есептеген жағдайда, сондай-ақ кез келген елдің, халықаралық ұйымның, күші Банкке және Салымшыға қолданылатын юрисдикциясына сәйкес санкция болған жағдайда.
- 5) Салымшыға қатысты оның қызметін заңсыз деп тану туралы сотқа дейінгі/соттың іс қарауы жүргізіліп жатқандығын көрсететін жағдайлар болған жағдайда, сонымен қатар Банкке және оның клиенттеріне қатысты олардың мүдделеріне зиян келтіре отырып құқыққа қайшы қызметті жүзеге асыру үшін қолданылуы мүмкін басқа жағдайларда;
- 4.2.8. егер жарна Өкімде көрсетілген Салым мерзімінің аяқталуына кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн қалғанда төленсе, Шотқа қосымша жарна қабылдамауға.

### **4.3. Салымшы міндетті:**

- 4.3.1. Салымшыға берілген орналастырылатын Салым талаптары туралы ақпарат негізінде Салым бойынша толтырылған талаптарының Шарттың Өкімін Банкке ұсынуға;
- 4.3.2. Банк Шарттың Өкімін қабылдаған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде, тиісті Шарттың Өкімінде қарастырылған мөлшерде қолма-қол емес ақшаны аудару арқылы тиісті Шотқа Салым салуға және егер Салымшы 3 (үш) жұмыс күні ішінде Салымды енгізбесе, тиісті Шарттың Өкіміне сәйкес берілген жеке сәйкестендіру коды жойылатынын түсінеді;
- 4.3.3. Қазақстан Республикасының заңнамасына және Шарт талаптарына сәйкес Шот бойынша операцияларды жүргізуге;
- 4.3.4. тиісті Өкімде қарастырылған талаптарда Салым бойынша төмендетілмейтін қалдық сомасын Шотта сақтауға;
- 4.3.5. Банкке Шот ашу үшін, Шарт шеңберінде ашылған Шот бойынша операцияларды жүргізу үшін, өз Шотының жай-күйі туралы ақпаратты алу үшін қажетті барлық құжатты, сондай-ақ Банктің валюталық бақылау жүргізуі, Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстату) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында, сондай-ақ Салымшының деректерін/дербес деректерін жинау, өңдеу және FATCA талаптарына сәйкес, сонымен бірге, Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдары арқылы АҚШ-ның Салық Қызметіне (Internal Revenue Service) беру үшін сұратқан құжаттарды ұсынуға;
- 4.3.6. Шарт талаптарын орындаудан біржақты бас тартқан не Салымды немесе Салымның бір бөлігін мерзімінен бұрын талап еткен жағдайда:
- толық/ішінара қайтарылатын кезде мерзімді салымдар бойынша – 7 (жеті) күнтізбелік күн бұрын;
  - Салым мерзімінен бұрын толық қайтарылатын кезде жинақ салымдар бойынша - 30 (отыз) күнтізбелік күн бұрын Банкке жазбаша хабарлауға;
- 4.3.7. Банк Шарт шеңберінде ашылған Салымшының Шоттарына ақша енгізуде қателіктер жіберуі фактісін анықтаған жағдайда, аталған қателіктерді жою мақсатында, Шоттар бойынша үзінді көшірмелерді алғаннан кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде ол туралы Банкке хабарлауға және Салымшының қателесу фактісін анықтаған сәттен не Банк қателесіп енгізген ақшаны қайтару туралы тиісті хабарлама жолдағаннан сәттен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей қателесіп енгізілген ақшаны толық мөлшерде Банкке қайтаруға;

- 4.3.8. Банктің Салым бойынша артық төлеген сыйақысын, Банктен жазбаша талапты алған сәттен бастап 5 (бес) күнтізбелік күн ішінде Банкке қайтаруға.
- 4.3.9. дереу, бірақ қандай жағдай болмасын 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, Банкке жазбаша түрде Банктің Салымшының Шоттары бойынша жүргізетін операцияларына ықпал ете алатын барлық өзгерістер туралы, сонымен бірге өз атауының, орналасқан жерінің, төлем құжаттарына қол қоюға құқылы тұлғалар құрамының өзгеруі туралы, сондай-ақ қайта құрылуы, таралуы, мөрін жоғалтуы және оның тозу жағдайлары туралы дәйекті және толық ақпаратты беруге;
- 4.3.10. Шарттың 4.3.9. тармағында қарастырылған міндеттемелердің кез келгенін бұзған жағдайда, міндеттемелерді бұзудың әр фактісі үшін, Банк айыппұл төлеу туралы талап қойған сәтте Банкке Шарт шеңберінде ашылған Шотта(-тарда) орналасқан Салымның жалпы сомасының 0,01% мөлшерінде айыппұл төлеуге;
- 4.3.11. Салым және/немесе сыйақы сомасын басқа банкте және/немесе банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда ашылған Салымшының банктік шотына аударған жағдайда, Банк филиалдарының операция жүргізу залдарында және [www.forte.kz](http://www.forte.kz) адресі бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған Банктің қолданыстағы тарифтеріне сәйкес Банк қызметтері үшін комиссия төлеуге. Банк Салымның қайтарылатын сомасынан және/немесе Салым бойынша төленетін сыйақы сомасынан соманы ұстап қалу арқылы ақша аудару үшін комиссия алуға құқылы екендігімен Салымшы келіседі.
- 4.3.12. Банктің филиалдарындағы, Банктің [www.forte.kz](http://www.forte.kz) ресми сайтындағы тиісті ақпаратты қарау арқылы немесе Банктің анықтамалық қызметіне қоңырау шалу арқылы Салым бойынша проценттік мөлшерлемелердің және Банктің тарифтерінің өзгеруі туралы, Шартқа енгізілген өзгерістер/толықтырулар туралы өздігінен білуге;
- 4.3.13. Банктің Шартқа және/немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қойылатын өзге міндеттері мен талаптарын уақытында және тиісті түрде орындауға;
- 4.3.14. (Шартты жасау сәтінде де, болашақта да) оған, оның өкіліне де, бенефициарлық меншік иесіне де, басқару, меншік құрылымындағы өзге де қатысушыларға, сондай-ақ онымен бірге тұлғалардың бір тобына кіретін тұлғаларға да, контрагенттерге де қандай да бір шектеулер немесе санкциялық сипаттағы шаралар қолданылмайтынын, сондай-ақ жоғарыда аталған тұлғаларға, сондай-ақ Банкке қолданылатын кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес қандай да бір Санкциялық тізімдерде (бұдан әрі-Санкциялар) олардың болмайтынын растауға;
- 4.3.15. егер Шарттың қолданылу мерзімі ішінде қандай да бір сәтте оған жоғарыда көрсетілген тармаққа сәйкес Санкциялар салынғаны/ықпалы туралы белгілі болса, бұл туралы Банкке дереу, бірақ ол туралы білген немесе білуге тиіс болған күннен бастап 5 (бес) күнтізбелік күннен аспайтын мерзімде хабардар етуге. Санкция салу/ықпал етуі кезінде, сондай-ақ Клиент Банкті санкция салынғаны/ықпалы туралы хабардар ету жөніндегі міндетті бұзған жағдайда, Банк онымен іскерлік қатынастарды тоқтатуға, Шартта көзделген тәртіпте кез келген операцияны жүргізуді тоқтатуға, одан бас тартуға құқылы;
- 4.3.16. Санкцияларды айналып өтуге бағытталған нұсқауларды жібермеуге немесе операцияларды жүргізбеуге. Егер осы Шарт шеңберіндегі қандай да бір нұсқау не операция Банктің қарауы бойынша Санкцияларды айналып өтуге бағытталған болса, онда Банк өзі үшін қандай да бір қолайсыз салдарсыз мұндай нұсқауды/операцияны орындаудан/жүргізуден бас тартуға құқылы. Санкцияны айналып өту санкциялық тауарларды жеткізу үшін делдалдық құрылымдар құру, төлемдер жүргізу немесе Санкцияны бұза отырып қаржыландыру алу және т.б. білдіреді.

#### **4.4. Салымшы құқылы:**

- 4.4.1. Шарттың тиісті Өкімдерінде көрсетілген талаптарға сәйкес Салымды қайтарып алуға және сыйақы алуға;
- 4.4.2. Шарттың тиісті Өкімдерінде қарастырылған Салым мерзімінің аяқталуына дейін, Шарттың 4.1.7., 4.1.7-1-тармақшаларына сәйкес Банктен Салымды немесе оның бір бөлігін қайтаруды талап етуге;
- 4.4.3. Банктен Салым және ол бойынша есептелген сыйақы туралы ақпаратты талап етуге;
- 4.4.4. өз Шотының жай-күйі туралы анықтамалар, үзінді көшірмелер, төлем қызметтері бойынша ақпарат алуға;
- 4.4.5. Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздемелер және тәртіп бойынша Шартты бұзуға;
- 4.4.6. Шоттарды/Салымды иеленуге сенімхат беруге;
- 4.4.7. кез келген мөлшерде қосымша жарналар енгізуге және оларды Шарттың Өкімінде көрсетілген Салымның ең жоғары сомасына дейін кез келген жиілікте енгізуге. Банк соңғы қосымша жарнаны Өкімде көрсетілген Салым мерзімінің аяқталуына дейін кемінде 30 (отыз) күнтізбелік күн қалғанда қабылдайды;
- 4.4.8. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген Шарттан туындайтын өзге құқықтарды иеленуге.

### **5. ЕРЕКШЕ ТАЛАПТАР**

- 5.1. Шартқа сәйкес жасалатын мәмілелердің талаптары, Салымшы Салымшының уәкілетті өкілдері қол қойған, мөр таңбалары (бар болған жағдайда) қойылған Шарттың Өкімін беруі арқылы әр нақты жағдайда белгіленеді.
- 5.2. Тараптардың уәкілетті өкілдерінің ауызша келіссөздерінің нәтижелері бойынша Салымшы Салым бойынша толтырылған талаптарымен Шарттың Өкімін, оларға келісім алу мақсатында, Банкке ұсынады.
- 5.3. Банк салық органдарын Салымшыға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тиісті Өкім бойынша Шот ашу туралы хабардар етеді.
- 5.4. Шарттың Салымды қайтару туралы және Салымды мерзімінен бұрын қайтару туралы талаптары кепіл заты болып табылатын және Салымшының Банк алдындағы міндеттемелерін қамтамасыз ету ретінде Банкке енгізілген Салымға қолданылмайды.

- 5.5. Банк Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін, рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекетін жүзеге асырады.
- 5.6. Шарт шеңберінде шетелдік валютада төлем қызметтерін көрсету кезінде, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаса, Банк белгілеген айырбас бағамы қолданылады.
- 5.7. Шотқа қойылатын талаптардың орындалмағаны немесе мүлікті иеленуді уақытша шектеу туралы актілер бар болса, уәкілетті мемлекеттік органдардың және(немесе) лауазымды тұлғалардың Шот бойынша шығыс операцияларды тоқтата тұру туралы шешімдері және(немесе) өкімдері, сондай-ақ Шотта орналастырылған Салымға тыйым салу туралы актілер болған жағдайда Шарттың тиісті Өкімінің қолданысы көрсетілген талаптардың жойылуына дейін ұзартылды деп есептеледі. Осы тармақта көрсетілген талаптардың жойылуынан кейін тиісті Өкім өз күшін тоқтатады.
- 5.8. Салымшының тым болмаса бір қол қою үлгісі немесе мөрбедері ауыстырылған жағдайда, Салымшы Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте ресімделген және куәландырылған қол қою және мөрбедерінің үлгілері бар жаңа құжатты Банке ұсынады.
- 5.9. Банк:
- 1) Салымшы Салымды иеленуге уәкілетті еткен тұлғалардың әрекеті үшін жауап бермейді, егер Салымшы Банкке осындай тұлғаларды ауыстыруы не Шарттың 4.3.9. тармақшасына сәйкес олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы хабарламаған/уақытында немесе тиісті түрде хабарламаған жағдайда;
  - 2) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операцияларды жүргізуден бас тартқаны, сондай-ақ тоқтатқаны үшін жауап бермейді.
- 5.10. Рұқсат етілмеген төлем қызметіне қатысты Салымшының арызы және басқа шағымы негізді болған жағдайда, Банк Шоттағы операция сомасын қалпына келтіреді және шағымды қарастыруды аяқтаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Салымшыға құжатпен расталған шығындарды төлейді.
- 5.11. Банк Салымшыға Банк Шартпен белгіленген талаптарға сәйкес Салымшыдан шығын туралы хабарламаны алғаннан кейін жүзеге асырылған, рұқсат етілмеген төлем қызметіне байланысты шығындарды, рұқсат етілмеген операция сомасынан аспайтын мөлшерде және Банктің мұндай операцияны жүргізгені үшін комиссиясын есепке ала отырып, заңнамамен рұқсат етілген тәсілдермен Салымшыға қайтару арқылы төлейді, бұған Шартта белгіленген жағдайлар қосылмайды.
- 5.12. Егер өзгесі Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылмаса, Банктің Шарт бойынша өз міндеттемелерін бұзған жағдайдағы жауапкершілігі тек тұрақсыздық айыбын, бірақ шығындарды емес, төлеумен шектеледі.
- 5.13. Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерді ішінара немесе толығымен орындалмағаны үшін жауапкершіліктен босатылады, егер ол енсерілмейтін күш (өрт, су тасқыны немесе жер сілкінісі және басқалар) салдарынан, Банк немесе Салымшының кінәсі болмаған кезде үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарының және(немесе) лауазымды тұлғалардың өкімдері/шешімдері салдарынан болса және бұл жағдайлар Шарттың орындалуына тікелей әсер етсе. Бұл ретте Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлар орын алған уақытқа сәйкестендіріліп шегеріледі. Басына енсерілмейтін күш жағдайы түскен Тарап бұл туралы 3 (үш) жұмыс күні ішінде екінші Тарапқа хабарлауы керек. Тараптар енсерілмейтін күш жағдайлары ретінде техникалық себептер бойынша төлемдерді жүргізудің мүмкін еместігін қарастырады.
- 5.14. Егер енсерілмейтін күш жағдайлары 3 (үш) айдан аса уақытқа созылса, онда Тараптар Шартты және/немесе Өкімді орындаудан бас тартуға құқылы, бұл ретте Шартты және/немесе Өкімді бұзуды болжаған күнге кемінде 15 (он бес) күнтізбелік күн қалғанда басқа Тарапқа хабарлауы тиіс, осыдан кейін Шарт және/немесе Өкім бұзылған болып саналады.
- 5.15. Жоғарыда көрсетілген талаптар орындалмаған жағдайда, Тараптар ешқандай жағдайлар енсерілмейтін күш жағдайлары ретінде қарастырылмайды және Тараптардың Шарт бойынша міндеттемелері қандай да бір тәсілмен алынбайды немесе шектелмейді деп келісті.
- 5.16. Енсерілмейтін күш жағдайларының әрекеті аяқталған соң, енсерілмейтін күш жағдайларының ықпалына душар болған Тарап 3 (үш) күнтізбелік күн ішінде жазбаша нысанда осы сияқты жағдайлардың әрекетін жою туралы хабарлауы керек, бұл ретте Шарт және/немесе оның Өкімдері бойынша міндеттемелері орындалуы болжанған мерзімді көрсету керек.
- 5.17. Шарттың тиісті Өкімінде көрсетілген талаптардың күші жойылғаннан кейін, Банк Салымшының Шоттарын жабады, оның жеке сәйкестендіру кодтарын жояды.
- 5.18. Шарт бойынша, сонымен қатар рұқсат етілмеген төлем қызметтері бойынша туындаған даулар/мәселелер, егер өзгесі Шартта қарастырылмаса, Тараптардың келіссөздер жүргізулері, жазбаша нысанда талап/хабарлама/арыз жіберулері арқылы шешіледі. Келісімге келмесе, Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте шешіледі.
- 5.19. Салымшы Банктің сайтында орналастырылған Шарттың өзгерістер енгізілген редакциясымен, Банктің тарифтерімен өзі танысады.
- 5.20. Салымшы Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасын сақтауы мақсатында Шартқа қол қою арқылы мыналарға келісім береді:

*Салымшы жеке тұлға болған жағдайда:*

- Банктің forte.kz ресми сайтында орналастырылған Дербес және өзге де деректерді жинау және өңдеу туралы келісім нысанына сәйкес Салымшының деректерін/дербес деректерін жинауға, өңдеуге келісімін береді және оның мазмұнын оқығандығын, түсінгендігін және қабылдайтындығын растайды, сондай-ақ онда көрсетілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу тәртібімен келіседі.

*Салымшы заңды тұлға болған жағдайда:*

- Салымшы туралы ақпаратты/Салымшының деректерін үшінші тұлғаларға беруге/үшінші тұлғалардан алуға, егер заң талаптарына және/немесе осындай тұлғалармен жасалған келісімдерге сәйкес көрсетілген тұлғалардың міндеттері немесе құқықтары болса немесе мұндай міндеттер мен құқықтар басқа негіздер бойынша туындаса, оның ішінде:

- уәкілетті мемлекеттік органдардан; заңды тұлғалардан, оның ішінде мемлекеттік заңды тұлғалардан, ұлттық басқарушы холдингілерден, ұлттық компаниялардан; кредит бюроларынан; зейнетақы қорынан; мемлекеттік дерекқорлар операторларынан/иелерінен; курьерлік компаниялардан; ұялы байланыс операторларынан; Банкке ақпараттық-технологиялық қолдау қызметтерін көрсететін тұлғалардан немесе Банкпен цифрлық және ақпараттық технологиялар қызметі саласында басқа да мәмілелері бар тұлғалардан; шетелдік корреспондент банктерден; АҚШ-ның Салық қызметінен (Internal Revenue Service), FATCA талаптарына сәйкес, сонымен қатар автоматтандыру құралдарын, ақпараттық жүйелерді, интернет-ресурстарды, әр түрлі сервистерді және жоғарыда көрсетілген үшінші тұлғалардың бағдарламалық жасақтамасын қолдана отырып.

- Салымшының деректерін мемлекеттік дерекқорлар (бұдан әрі – МДҚ) иелерінің, Сәйкестендіру деректерін өңдеу орталығының, сондай-ақ ресми және заңды дереккөздердің (Қазақстан Республикасының Электрондық үкімет порталы/Электронды лицензиялау, уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сайттары және басқа да ресми дереккөздер) кредит бюроларына, оның ішінде МДҚ-дан МДҚ операторларынан/иелерінен алынғандарын қоса алғанда, Банкке, кредит бюроларына және басқа ұйымдарға/мекемелерге тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы беруіне;

- Салымшының деректерін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша қолданыстағы және келешекте Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаға, кредит бюросына және Банкке тікелей немесе үшінші тұлғалар арқылы (кредит бюроларын қоса алғанда немесе кредит бюролары арқылы) беруге;

- Банктің Банк өнімдері/қызметтері бойынша ұсыныстарды дайындауы мақсатында барлық заңды дереккөзден Салымшы туралы құпия ақпаратты пайдалана отырып, алдын ала талдау жүргізуіне;

- мәліметтерді және (немесе) құжаттарды мемлекеттік кірістер органына беруге, оның ішінде мемлекеттік кіріс органы мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі арасында күнтізбелік ай ішінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің талаптарында көзделген белгіленген шекті сомадан асатын қолма-қол ақшаны алу туралы мәліметтермен және (немесе) құжаттармен алмасу мақсатында беруге;

- мына жағдайларда және тұлғаларға Банктің Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған тәртіпте коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпаратты ашуына:

а) Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған жағдайларда;

б) Банк қызметкерлеріне;

в) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес және осы заңнамадағы негіздер бойынша Банк қызметін тексеруді жүзеге асыратын тұлғаларға;

г) контрагентке(-терге), егер Банк осындай тұлғамен(-лармен) мәні контрагенттің(-тердің) Банктен алған/алатын ақпаратты үшінші тұлғаларға жарияламау туралы міндеттемелерді қабылдауы болатын табылатын келісім жасаса;

д) банктер арасында келісілген тәртіпте банк құпиясын құрайтын мәліметтерге қатысты сұрау салуларды жіберу және орындау бойынша банктер арасындағы электрондық өзара қатынасы шеңберінде басқа банктерге;

е) Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін «Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры» АҚ-ға<sup>1</sup>.

Коммерциялық, банктік және Қазақстан Республикасының заңнамасымен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын ақпараттың құпиялылығы Салымшының кінәсінен бұзылған немесе құпия ақпарат үшінші тұлғаларға басқа дереккөздерден белгілі болған немесе белгілі бола түскен жағдайда Банк жауапты емес.

- «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ-ның (бұдан әрі - Кредиттік бюро): (а) «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-дан, МДҚ-дан МДҚ операторларынан/иелерінен, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғадан Салымшы туралы ақпаратты алуына, (б) осы тармақтың а) тармақшасына сәйкес алынған Салымшы туралы ақпаратты Банкке беруіне;

- «Еңбек ресурстарын дамыту орталығы» АҚ-ның, МДҚ иелерінің/операторларының, Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның Салымшы туралы ақпаратты Кредиттік бюроға және Кредиттік бюро арқылы Банкке беруіне;

<sup>1</sup> көрсетілген тармақша салымшыларға – жеке кәсіпкерлерге, шаруа (фермер) қожалықтарына, жеке нотариустарға, жеке сот орындаушыларына, адвокаттарға, кәсіби медиаторларға ғана қолданылады.

- кредиттік бюроларға болашақта келіп түсетін және/немесе соңғы ақпарат соңғы ақпаратты алған күннен бастап бес жыл бұрын алынған деректерді қоса алғанда, кредиттік есепті алушыға кредиттік есепті беруге, сондай-ақ басқа қызметтерді көрсетуге.

5.21. Осы арқылы Салымшы Салымшының Банкке шарттар, шарттардың қосымша келісімдері бойынша берген және болашақта беретін дербес деректер субъектілерінің<sup>2</sup> дербес деректеріне қатысты, сондай-ақ заңнамаға және (немесе) Банктің ішкі құжаттарына сәйкес осындай дербес деректерді жинау, өңдеу қажет болған басқа жағдайларда, Салымшының дербес деректер субъектілерінен алдын ала дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, соның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне, дербес деректерді трансшекаралық беруіне forte.kz адресі бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған Дербес және басқа да деректерді жинау және өңдеу туралы келісім нысаны бойынша келісімін алғандығын куәландырады.

5.22. Салымшы Банктің талабы бойынша Банкке Салымшының дербес деректер субъектілерінен жинап алған дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдерінің болуы туралы құжаттамалық растаманы ұсынады, ал келісімдердің болуын құжатпен растау мүмкін болмаған жағдайда, мұндай келісімдерді жинап, одан кейін Банкке олардың алынғанын растайды.

5.23. Дербес деректерді жинауға және өңдеуге, дербес деректерді үшінші тұлғаға, оның ішінде Банкке беруге, Банктің дербес деректерді өңдеуіне келісімдердің болмауы үшін жауапкершілік Салымшыға жүктеледі. Дербес деректер туралы заңнаманы бұзғаны үшін Банкке қандай да бір шара қолданылған жағдайда, Салымшы Банктің талабы бойынша Банкке келтірілген кез келген шығын мен залалды Банкке өтеуге міндеттенеді.

5.24. Банк:

- Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін рұқсат етілмеген төлемдерден қорғау әрекеттерін жүзеге асырады;

- Салымшы қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректерін Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша заңнамасына қайшы келмейтін тәсілдермен жинауға, өңдеуге және таратуға міндеттенеді;

- Салымшы қызметкерлерінің/өкілдерінің/уәкілетті тұлғаларының дербес деректеріне өту талаптарын өзі анықтауға құқылы;

- дербес деректерді Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша заңнамасының талаптарын ескере отырып, оларды өңдеу мақсаттарында талап етілетін мерзімнен артық сақтамауға және өңдеу мақсаттарына жеткеннен кейін оларды жоюға міндеттенеді;

- Шартты орындау шеңберінде Қазақстан Республикасының дербес деректерді қорғау мәселелері бойынша заңнамасының өзге де талаптарын орындауға міндеттенеді;

- дербес деректерді жинау, өңдеу және үшінші тұлғаларға беру бойынша жасалатын әрекеттер туралы ешкімді хабардар етуге міндетті емес.

5.25. Шарттың тиісті Өкімдерінде көрсетілген мерзімді банк салымдары бойынша талаптар Салымшы ақшасының тиісті Өкімде көрсетілген, Банктегі тиісті Шотына түскен сәтінен бастап күшіне енеді және екі Тараптың Өкім бойынша барлық міндеттемесін орындаған сәтке дейін қолданылады.

5.26. тиісті Өкімде қарастырылған мерзімді банк салымы бойынша талаптар мына талаптарда тоқтатылады:

1) Шарттың және/немесе Өкімнің талаптарына сәйкес салықты ұстап қалу арқылы, сыйақымен қоса Салым сомасын төлеумен;

2) Салымшының Салымды немесе Салымның бір бөлігін мерзімінен бұрын талап ету кезінде, бұл ретте Салымшының Салымды немесе Салымның бір бөлігін мерзімінен бұрын талап ету талаптары Өкімде айтылады.

3) Шарттар қарастырылған жағдайларда Салымды қайтарған кезде немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында қарастырылған негіздер бойынша Шоттан Салым сомасын және есептелген сыйақыны алған жағдайда;

4) Өкімде көрсетілген мерзім аяқталғанда.

5.27. Тараптардың әрқайсысы осы Шарттың талаптарын сақтай отырып, кез келген уақытта өз қалауы бойынша Шартты орындаудан біржақты бас тарту арқылы Шартты бұзуға құқылы.

5.28. Салымшы Салым бойынша жалпы талаптарға қосыла отырып, әрекеті Салымшыға және оның Банк немесе Банк арқылы жүргізетін операцияларына (соның ішінде, бірақ шектелмей, операциялар түрімен, Салымшының және оның лауазымды тұлғаларының, акционерлерінің/қатысушыларының, бенефициарлы меншік иелерінің, еншілес және қауымдастырылған ұйымдарының тіркелген және (немесе) орналасқан еліне, сонымен қатар осы елдерге/осы тұлғаларға немесе осы елдерден/осы тұлғалардан жүргізілетін төлемдерге байланысты) қолданылатын, шет мемлекеттердің заңнамаларында белгіленген шектеулер мен тыйым салуларға және кез келген елдің, халықаралық ұйымның юрисдикциясына сәйкес санкцияларға байланысты туындауы мүмкін тәуекелдер мен барлық салдарды (соның ішінде шығындар мен ұтылған пайда) қабылдайды. Банк бұл тәуекелдер мен салдар (соның ішінде шығындар мен ұтылған пайда) үшін жауапкершілік көтермейді.

5.29. Шартпен реттелмеген барлық қатынастар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

<sup>2</sup> Дербес деректердің иесі болып табылатын жеке тұлға (өкілі, қызметкері, қатысушы/акционер, бенефициарлық меншік иесі, басқа жеке тұлға)



## 6. ШАРТТЫҢ ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ

6.1. Шарт Салымшы қол қойған Салымдар бойынша жалпы талаптарға қосылу туралы өтінішті Банк қабылдаған күннен бастап күшіне енеді және белгісіз мерзім ішінде қолданылады. Шарттың қолданылу мерзімі шектеусіз және Тараптардың мүдделілігінің болуымен айқындалады.

6.2. Шарт шеңберінде қол қойылған тиісті Өкімнің күші Банк үшінші тұлғалардың Салымшының Шотынан ақша алу туралы нұсқауларын орындаған жағдайда жойылады.

## 7. САЛЫМДАРҒА МІНДЕТТІ ТҮРДЕ КЕПІЛДІК БЕРУ

7.1. Банк Салымшыға депозиттерге кепілдік берудің міндетті жүйесіне қатысқаны туралы хабарлайды, оны растау үшін Банкке 2015 жылғы 02 наурыздағы №17 куәлік берілген.

7.2. «Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі-Заң) сәйкес, Салым депозиттерге міндетті кепілдік беру объектісі болып табылады.

7.3. Заңда қарастырылған Салым бойынша кепілдікті өтемді төлеу мерзімі және тәртібі, сонымен қатар депозитке міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйымның өтемнің талап етілмеген сомасын Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасында қарастырылған тәртіпте ашылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алу үшін жеке зейнетақы шотына аудару туралы ақпарат, Салымшыны бұл туралы хабардар ету туралы Заң талаптарын орындау үшін [www.forte.kz](http://www.forte.kz) адресі бойынша Банктің ресми сайтында орналастырылған.

*Ескертпе: Шарттың 7-бабы Шарт бойынша Салымшы жеке кәсіпкер, шаруа (фермерлік) қожалығы, жеке нотариус, жеке сот орындаушысы, адвокат, кәсіби медиатор болған кезде қолданылады.*

## 8. ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ ТҰЖЫРЫМ

8.1. Тараптар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың барлық қолданылатын нормасын сақтайды. Тараптар, олардың әрқайсысы сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне толық тыйым салуды және мақсаты - шаруашылық қызметке байланысты ресімдерді оңайлату, белгілі бір мәселелерді тезірек шешу үшін жәрдемдесуді/ төлемдер төлеуді көздейтін парақорлыққа және сыбайлас жемқорлыққа толық төзбеушілік саясатын жүргізетінін мойындайды және растайды.

8.2. Тараптар, олардың лауазымды тұлғалары және осы Шарт бойынша Тараптардың міндеттемелерді орындауына тікелей немесе жанама қатысатын қызметкерлері, қандай да бір ақшалай қаражатты төлеуді/алуды немесе қандай да бір құндылықтарды (оның ішінде материалдық емес) кез келген тұлғаға, қандай да бір заңсыз артықшылықтар алу ниетімен іс-әрекеттерге немесе шешімдерге ықпал ету мақсатында, оның ішінде заңнамада белгіленген тәртіпті айналып өту мақсатында немесе өзге де заңсыз мақсаттарды көздейтін тұлғаларға тікелей немесе жанама түрде беруді қабылдамайды, төлемейді, төлеуді ұсынбайды және рұқсат бермейді (санкция береді).

8.3. Осы тармақтың ережелері Тараптар үшін елеулі маңызы бар мән-жайлар туралы куәліктер болып табылады. Тараптар Шарт жасау барысында осындай растауларға сүйенеді.

8.4. Тарап осы тармақтың қандай да бір ережелерінің бұзылуы орын алған немесе орын алуы мүмкін деген күдіктенген жағдайда, тиісті Тарап өзінің күдіктері туралы екінші Тарапты жазбаша нысанда мүмкіндігінше тезірек хабардар етуге міндеттенеді.

### **Банк:**

**"ForteBank" АҚ**

Мекенжайы: Астана қ-сы, Достық к-сі, 8/1

БСК IRTYKZKA

БСН 990740000683

БЕК – 14

**Кор. шоты:** «Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі» ММ-дағы KZ23125KZT1001300204

Телефондары: +7 (727) 258-40-40, +7 (727) 258-75-75, +7 (7172) 58-75-75, мобильді телефоннан

55575